



Нұрышева Толқын Серікқалиқызы,

*ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы
«Мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет» кафедрасының
доценті, заң ғылымдарының кандидаты*

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДАҒЫ НОРМАШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫҢ ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ ПРИНЦИПТЕРІ

Қоғам өміріндегі барлық өзгерістер немесе басқа да қатынастар, қоғамдық құндылықтар жүйелілікті, негізділікті және құқықтық реттеуді, яғни мемлекеттік басқаруды талап етеді. Ал, өз кезегінде, заманауи мемлекеттік басқаруда және қоғамда әр түрлі мәртебедегі билік органдары мен лауазымды тұлғалардың қоғамдық қатынастарды реттеуде нормативтік акт сияқты құралға үлкен үміт артуы қарастырып отырған мәселенің өзектілігін айқындайды.

Адам қоғамы мыңдаған жыл өмір сүріп келеді. Жеке адамдар тиісті мемлекеттің азаматы болып, сол мемлекеттің билігіне, құқықтық тәртібіне бағынып, өзінің іс-әрекетін, мінезін, тәртібін қоғамдық мүдде-мақсатты орындауға жұмсап келеді.

Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, кезіндегі қоғам мен оның әрбір қатысушысы немесе мемлекет пен адам арасындағы реттеушілік қатынастардың аса маңызы болмаған қатынастар, қазіргі уақытта экономикалық, әлеуметтік және саяси даму тенденцияларының әсерінен барлық қатынастарды мемлекеттік аппарат арқылы құқықтық реттеу өзекті, міндетті және негізгі мәселе.

Мемлекеттік билікпен бекітілетін заңдар, басқа да ережелер, нормалар, жалпыға міндетті басқарушылық шешімдер мемлекеттің «күшімен» (авторитет) қамтамасыз етіліп отырады.

Мемлекеттік басқару жүйесі әдетте құқықтық нысанда көрініс табатын қоғамдық қатынастарға биліктік-басқаруды жүзеге асырудың принциптері мен жүйелерінен құрылады және мемлекеттік аппараттың (мемлекеттік органдардың) ұйымдастырушы құрылымдарын, мемлекеттік бюрократияның жүйелерін (мемлекеттік қызмет персоналын), іске асырылатын қызметтердің жиынтығы мен оларды іске асыру әдістерінің кешенін, құралдар

мен ресурстарды, басқару субъектілері мен объектілерінің тікелей және кері байланысын, және бұл байланыстарға қажет ақпарат ағымдарын, құжат айналымы және т.б. қамтиды,

Бір сөзбен айтқанда тәжірибеде мемлекеттік басқару жүйесі әлеуметтік сала, экономика және әкімшілік-саяси сияқты элементтермен құрылымданған. Сондықтан, мемлекеттік басқару жүйесін мемлекеттік басқарудың субъектісі (мемлекет) мен объектісінің (басқарылатын объектілердің) қарым-қатынасының жиынтығы, кешені деуге болады.

Мемлекеттік басқару процесі қоғамдық билік субъектілерінің құқықтық нормалармен реттелген мемлекеттік-биліктік құзыретті іске асыруымен байланысқан ерікті және мақсатты іс-әрекет деуге болады. Мемлекеттік басқару процесінде қабылданған заңдар мен саясаттың орындалуына және бірінші кезекте қажетті мемлекеттік бағдарламаларды қабылдау мен оларды іске асыруға бағытталады.

Мемлекеттік басқарудағы құқықтық реттеудің мәні мен оның элементтерін ашу ең алдымен пәні мен мазмұнына байланысынан тыс «құқықтық реттеу» түсінігін жалпы түсінуге әкеледі. Әдетте реттеуде «құқықтық», «заңнамалық», «нормативтік» және «заңдылық» түсініктері синоним ретінде қолданылса да, бұл ретте, құқықтық реттеу процесінің бірқатар теориялық және тәжірибелік аспектілеріне тоқтау қажет. Себебі, қандай да бір қатынастар бойынша құқықтық реттеуге арналған нормативтік құқықтық актілердің көп болуы тиісті немесе қажетті реттеу болып есептелмейді, құқықтық реттеу белгілі бір бағытта шешуді қажет ететін қоғамдық қатынастар, өзара байланыстар туындаған кезде бастама алатын процесс және ол әлеуметтік, нормативтік және практикалық аспектілердің біртұтастығын қамтиды [1, 283 б.].

Сонымен қатар, мемлекеттік басқарудағы

құқықтық реттеудің мәнін және рөлін мемлекеттік басқару процесінің мәнін ашумен тікелей байланыстыруға болады. Себебі, мемлекеттік басқару процесін - мемлекеттік билік субъектілерінің мемлекеттік-басқарушылық күзіреттілігін іске асырумен байланысты мақсатты, саналы және заңдық нормалармен регламенттелген іс-әрекеті және бұл процесс ең алдымен мемлекеттің қойған мақсаттары, оның халқының мүдделерін қорғауға бағытталады [2, 40 б.].

Осылайша, құқықтық реттеу – мемлекеттің қоғамдық қатынастарға заң нормалары арқылы әсер ету процесі немесе нормативтік актілер арқылы қоғамдық қатынастардың байланысын, орындалу жолдарын, бағыттарын анықтап отыру және ол мемлекеттік басқарудың әкімшілік-құқықтық әдісіне, ал оның ішінде нормашығармашылық және құқыққолданушылық қызметтеріне негізделеді [3, 105 б.].

Жалпы нормашығармашылық сөзі «норма» және «шығармашылық» сөздерінен (ұғымдарынан) тұрады. Біріншісі болмысына сәйкес нормашығармашылық қызметінің бағытын (мақсатын) айқындайды. Осы ретте, нормашығармашылықтың басқа қызметтерден (актілерді жариялау, құқыққолдану, ұйымдастырушылық қызмет және т.б.) айырмашылығын мақсатынан байқауға болады және осындай нормаларды жаратуға бағытталған бұндай қызмет «құқыққа» әлеуметтік реттеуші ретінде «өмір» береді және оны құқықтың түрлі қайнар көздері ретінде ресімдейді.

Кейбір авторларлар нормашығармашылықты мемлекеттің белгісі немесе функциясы ретінде де қарастырады, себебі, барлық саяси ұйымдардың ішінде мемлекет қана нормашығармашылықты пайдалана отырып өзінің мемлекеттік органдары арқылы мемлекеттің барлық аумағына тарайтын бұйыру құбылысын жүргізеді.

Т.В. Губаева өзінің заңтанудағы концептуалды сөз шешендігі тұжырымдамасын әзірлеу барысында барлық кезеңдегі нормашығармашылықты процесс ол ұжымдық субъектілердің нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу мақсатында сөздермен жұмыс істеуі немесе талқылау процесі деп пайымдайды [4, 7 б.].

Мемлекеттің нормашығармашылық қызметі – ұлттық басымдылықтар, бағыттар мен стратегияларды қалыптастыру және ұйымдастыру, оларды құқықтық формаға (заңдар, бағдарламалар, жобалар және т.б.

түрінде) негіздеу. Оның негізгі мақсаты – жүріс-тұрыс ережелерінің моделін құқықтық нормаларда бекіту.

Нормашығармашылық қызметтің басты субъектісі – нормашығармашылық қызметін жүзеге асыратын барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар.

Мемлекеттің құқыққолданушылық қызметі – мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың тиісті саясат пен мемлекеттің қоғамды басқару іс-әрекетінің құқықтық нысандағы түрі және бұл ретте, құқықтық (нормалар, НҚА) құралдардың қолданылуы.

Мемлекеттің бұл қызметінің негізгі мақсаты – азаматтарды құқықтары мен бостандықтарын, заңдылық пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету.

Құқыққолданушылық және нормашығармашылық қызмет өзара тығыз байланыста және құқықтық реттеуде құқыққолданушылық механизмі нормашығармашылық қызметіне тәуелді болып келеді [5, 17 б.].

Осылайша, нормашығармашылық процестің барлық кезеңдегі негізгі екі аспектісіне тоқтауға болады.

1) қоғамдық жүріс-тұрыс ережелерінің әлеуметтік ережелерін қалыптастыру және одан әрі жетілдіру;

2) мемлекеттік авторитеттің өсуі және құқықтық дамуы нәтижесі ретінде мемлекеттік құқықтық норма құраудың қалыптасуы.

Сонымен, нормашығармашылық – бұл әлеуметтік-құқықтық негіздер мен құндылықтарды қоғамда және мемлекетте оларды кейіннен мемлекеттің заң актілерінде санкциялау арқылы әзірлеу, қабылдау және бекіту процесі.

Нормашығармашылық субъектілерінің нормашығармашылық процесте алатын орны ерекше – бұл субъектілердің іс-әрекетінің нәтижесінде қоғам өміріне ыңғайлы әлеуметтік, саяси, экономикалық, мәдени, өндірістік және т.б. қатынастарды реттеуге және қорғауға бағытталған құқық нормаларын қамтитын нормативтік құқықтық актілер (бұдан әрі – НҚА) пайда болады.

Өзеңбегінде А.Нашиц «нормашығармашылық құқыққа негізделетін қоғамның экономикалық саяси, психологиялық құрылымдарын шынайы модельдеуге тырыспаған жағдайда мүмкін емес» деп келтіреді [6, 236 б.]. Ол нормашығармашылық процесте мемлекеттің қатысуының құқықтық негіздері туралы айта отырып, кейбір нақты заңдылықтарды бөліп қарастыруға болады:

1) заң шығарушының еркі заң нормаларын

жасаған кезде нормашығармашылықтың ажырамас әлеуметтік негізі ретінде қоғамның сана сезіміне, ерік білдіруіне және мүддесіне сәйкес келуі қажет;

2) нормашығармашылық қызмет өзін өмірдің қалыптасқан күнделікті жалпысипаттағы және әдеттегі нормаларына қарсы қоя алмайды;

3) осы нормаларды құра отырып, заң шығарушы әлеуметтік қатынастардың нысанына тән, арнайы заңдылықтарды есепке алады, құқықтық қасиеттерін назарға алуы тиіс.

Осылай, нормашығармашылық қызметті әлеуметтік-құқықтық құбылыс деп қарастыратын болсақ, оған қандай сыртқы әлеуметтік-құқықтық факторлар әсер ететініне тоқталайық.

Нормашығармашылық әрдайым дамушы қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік және құқықтық қажеттіліктерін қанағаттандыруы керек және осы өзгерістердің барлығы есепке алынуы тиіс.

Сонымен қатар, қоғамның қажеттіліктерімен, адамдардың мінезқұлықтарын, жасерекшеліктері және жұмысқа қабілеттіліктерімен санасу қажет. Жалпы айтқанда, нормашығармашылық қоғам мен мемлекеттің өмірін толтыратын және олардың тығыз әсерлесуін және өзара тиімді дамуын қамтамасыз ететін барлық әлеуметтік, құқықтық, техникалық, психологиялық факторлар және нормалармен есептесе отырып, оларға өз әсерін тигізуі қажет.

Құқықшығармашылық түсінігінің қалыптасуы мен зерттеуіне елеулі үлес қосқан авторлардың бірі С.С. Алексеев те өзінің еңбектерінде «құқықшығармашылық» және «құқықты қалыптастыру» деген ұғымдарға көңіл бөледі.

Құқықшығармашылық құқықты қалыптастыру процесінің соңғы кезеңі деп айта келе ол құқықшығармашылыққа келесідей анықтама береді – құқықшығармашылық қоғамдық мақсаттарды, қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін мемлекеттік аппараттың нормативтік актілерді қабылдау құралын пайдалануы.

Нормашығармашылық түсінігін қарастырып көретін болсақ, онда «көпжақтылық» терминін қолдануға болады. Бұл ретте, нормашығармашылық қызметінің құқықтық табиғаты мен мақсатын түсіну үшін осы теориялық мәселені шешуде әртүрлі пікірлер мен көзқарастарды қарастыру қажет. Мысал ретінде алсақ, бұл түсінікті онсыз әртүрлі қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған құқық нормалары дүниеге келмейтін құқықтық реттеу механизмінің құрамдас бөлігі ретінде

қарастырмауға болмайды.

Ұсынылған гипотезаның негіздемесі ретінде құқықтық реттеу механизмі түсінігінде инструменталды тұрғыдан қарау керек, бұл өз кезегінде, осы механизмнің құрылымын жаңадан зерттеуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда нормашығармашылық қызметінде басқа да көңіл аударатын мәселелер кездеседі – нормативтік құқықтық актілердің коллизиясы мен мазмұндық сипаттағы кемшіліктері. Мысалға айтсақ жергілікті деңгейдегі нормативтік актілер кейде халықаралық нормалар мен конституцияның нормаларына қайшы қабылданып жатады. Өз кезегінде, бұл жергілікті деңгейдегі нормативтік актілерді әзірлеу мен ресімдеумен айналысатын қызметкерлердің құқықтық мәдениетінің тиісті деңгейде болмауы.

Нормашығармашылық немесе нормашығармашылық қызмет мемлекеттік құқықтық реттеу механизмінде бірінші қадамы болып табылады.

Дегенмен, кей жағдайларда нормашығармашылық құқықтық реттеуге негативті нәтиже беріп те жатады, бұның себептерінің бірі заңнамалық актілермен реттеліп отырған қоғамдық қатынастарды заңға тәуелді немесе ведомстволық актілермен қайта реттеу. Бұндай құбылыс немесе мемлекеттік органдардың тарапынан болатын іс әрекеттер полицейлік мемлекеттің негізгі сипаты және бергілерін көрсетеді.

Сонымен қатар, кей жағдайларда нормашығармашылықтың нәтижесі (нормативтік актілер, шарттар) қоғамдық қатынастарға құқықтық әсер етуді әлсіретуі де мүмкін. Мысалы, министрліктер мен басқа да ведомстволардың заңнамалық актілері, Президент және Үкімет актілерін егжей-тегжейлеу немесе оларды орындау мақсатындағы актілерді қабылдаудың орнына «бастапқы» (первичные нормы) нормаларды қабылдап жатады.

Зерттеуші Ю.Г. Арзамасов қоғамдық қатынастарды нормативтік реттеу жүйесінде және құқықтық мәдениет қалыптастыруда құқық нормасы, нормативтік акт, құқықтық қатынастар, құқыққолдану деген құқықтық құралдарға ерекше назар аударуды ұсынады және қазіргі замандағы нормашығармашылық қызметтің жағдайында нормашығармашылық қызметпен айналысатын қызметкерлердің құқықтық мәдениетінің төмендігінен басқа келесідей кемшіліктер бар дейді:

- нормашығармашылық қызметпен

айналысатын қызметкерлердің білімі бойынша басқа сала қызметкерлері болуы;

- НҚА лингвистикалық, заңдық тех-никалық талаптарға сәйкес келмеуі;

- НҚА актілердің тұрақсыздығы, яғни жақын аралықта қабылданған НҚА-ң көп ұзамай күші жойылып басқа актінің қабылдануы;

- бір НҚА-ге көптеген өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі, бұндай жағдайлар тәжірибелі заңгердің өзіне қиындықтар туғызып жатады;

- НҚА-ң қалыптасқан моральдық және қоғамдық принциптерге қарсы келуі [7, 48 б.].

Нормашығармашылық қоғамдық қатынастарды реттеу туралы құқықтық ойлардың нормативтік құжат түрінде дүниеге келуіне септігін тигізеді. Дегенмен, қай кезде нормашығармашылық құқықтық реттеуде теріс әсер етуі мүмкін. Кей кездері нормативтік актілер тарапынан құқықтық реттеуді қажет етпейтін қоғамдық қатынастар ведомстволық нормалармен реттеліп жатады, ал құқық нормалары арқылы қоғамдық қатынастарды тым артық реттеу полицейлік мемлекеттің белгілерінің бірі болып табылады және нормашығармашылық келесідей принциптерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс: заңдылық; ғылыми негізделу; гуманизм; заңдық техника; демократизм; кәсіби біліктілік; ашықтық.

Нормашығармашылықтың негізгі принциптері ретінде кейбір еңбектерде гуманизм принципі қарастырылады. Нормашығармашылықтағы гуманизм заңдар мен заңға тәуелді актілердің бостандық және теңдік принципін сақтай отырып, қабылданған актілерден көрініс алады.

Адамның құқығының жалпы дәстүрлі теориясында құқық нормасы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етіп қана қоймай, ол нормалардың іске асырылуын қамтамасыз етуі тиіс деп қарастырады.

Келесі принциптердің бірі кәсібилік принципі. Бұл ретте, нормашығармашылық қызметпен тек ғана кәсіби білікті тұлғалар ғана айналысуы тиіс деп түсінуіміз қажет.

Сонымен қатар, нормашығармашылық процесс кезінде жобаны әзірлеуге тәжірибелі заңгерлермен қоса саясаткерлер, экономистер, философтар, психологтар сияқты әртүрлі саланың мамандары қатыстырылуы тиіс. Себебі, нормашығарушы қоғам топтарының барлығының жобаланған реакциясын алдын ала білуі тиіс. Сонымен қатар, ғалым заңгерлерді ғана емес заңгер-практиктердің де үлесі

құқыққолданушылық нәтижелерді болжауға мүмкіндік береді.

Келесі принцип ретінде – ашықтық, жариялылық қарастырылады. Жалпы жариялылық құқықтық мемлекет мен азаматтық қоғамның негізгі принциптерінің бірі болып табылады. Осылайша, бұл принцип мемлекеттік құрылыстың немесе мемлекеттің мақсатын көздейтін принцип болса, онда барлық нормативтік құқықтық актілер, әсіресе құқық қорғау органдарының актілері «жеті құлыптың» астында қалмауы тиіс. Әрине, мемлекеттік құпияға жататын мәліметтерді қамтитын немесе конфиденциалды сипаттағы актілерді қоспағанда, барлық нормативтік құқықтық актілер жарияға шығарылуы тиіс.

Жоғарыда аталған барлық принциптерді өзара тығыз байланыста деуге болады. Өйткені олар бір-бірімен тығыз байланыссыз ешқандай тұрпатқа ие болмайды. Оларды тығыз байланыста деп пайымдаудың себебі, бұл принциптер нормашығармашылықтың өнімі болып табылатын нормативтік құқықтық актілердің барлық формадағы түрлеріне де қолданылу аясына қатысты болып келеді [7, 48 б.].

Ю.Г. Арзамасов нормашығармашылықты немесе нормашығармашылық қызметті ең алдымен мемлекеттік қызметтің құқық нормасын құру, қалыптастыру, толықтыру және күшін жоюға бағытталған ерекше түрі және оның негізгі функциясы нормативтік актілерді құру (қалыптастыру), күшін жою, өзгерістер мен толықтырулар енгізу деген сияқты басқа функциялары қосымша сипатта келеді деп келтіреді. Сондай-ақ Ю.Г. Арзамасовтың пайымдауынша заңтануды дифференциациялау мемлекет және құқық теориясын да айналып өткен жоқ. Мысал ретінде, ол заңтанудағы құқықтық герменевтика (құқық нормаларын түсіндіру туралы курстар), құқықтық конфликтология (құқық нормалары мен актілердің қақтығысы туралы курстар) және құқықтық компаративистика (саластырмалы құқықтану курстары) сияқты ғылыми құқықтық бағыттары заңтану ғылымында өз алдына бөлек ғылым ретінде мәртебе алуға үміткер бағыттар және бұл бағыттардың қатарына нормографияны енгізу жөн деп келтіреді.

Бұл жайды Ю.Г. Арзамасов НҚА-ң заңдық техникасы мемлекет және құқық теориясы пәнінің «Құқықшығармашылық» тақырыбының көлемінде ғана қарастырылады және бұл тақырып өзінің қалыптасқан шекараларынан

тым асып кеткенімен негіздейді.

Сонымен қатар, автор қазіргі нормашығарушылар мен заңгерлердің заң факультеттерін өте жақсы деңгейімен бітірсе де, заңдық техника туралы кәсіби деңгейлерінің төмендігіне назар аударады.

Бұл фактілер нормашығармашылық процесстің барлық түрлерін жүзеге асыратын мемлекеттік қызметкерлердің құқықтық мәдениетін арттыру туралы, нақтырақ айтсақ, барлық жоғарғы оқу орындарында, мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру курстарында арнайы «Нормография» курсы енгізу туралы ұсынады [7, 23 б.].

Сонымен қатар, тәжірибеде заңгер практиктердің пайымдауынша заңшығармашылық қызметтің нормашығармашылық қызметтен маңызды екендігі туралы бұрыс түсініктер қалыптасып жатады.

Біздің пайымдауымызша шынайы өмірде қоғамдық қатынастардың барлық аспектілері мен егжей-тегжейлі тұстарын тек қана заңдар, Президент және Үкімет актілерімен реттеу мүмкін емес, себебі, заңдар негізінен бастапқы нормаларды ғана айқындайды. Ал, ведомство-

лық актілер заңдарда көрсетілген нормаларды егжей-тегжейлі айқындайды, яғни азаматтар, ұйымдар, мекемелер, қоғамдық топтармен белгілі бір салада оларға берілген құқықтарын немесе жауапкершіліктерін нақты көрсетеді.

Көптеген ғалымдардың еңбектерінде нормашығармашылық қызмет пен заңшығармашылық қызметті аналогиялық нысандағы қызмет ретінде қарастырылса, ал кейбір еңбектерде нормативтік құқықтық актілердің иерархиясы тұрғысынан түсіндірілетін көзқарастар байқалады, яғни заңшығармашылық қызметтің өнімі «заң» актілері маңызының жоғары деп түсіну немесе түсіндірумен сипатталады.

Біздің пайымдауымызша, «заңшығармашылық» түсінігінен «нормашығармашылық» түсінігі ауқымдырақ, себебі нормашығармашылық – мемлекеттің, мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың нормативтік актілерді қабылдау арқылы қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған ресми рәсімделген іс-әрекеті ретінде қарастырылады және нормашығармашылық нәтижесі барлық деңгейдегі ресми нормативтік құқықтық актілерде бекітіліп, қолданысқа енгізіледі.

Пайданылған әдебиеттер тізімі

1. Атаманчук Г.В. Теория государственного управления. Курс лекций. М.: Омега – Л, 2005. – 580с.
2. Козбаненко В.А. Государственное управление: основы теории и организации М.: «Статус», 2002. – 366 с.
3. Глазунова Н.И., Государственное управление: Учебник для вузов, - М.: Муниципальный центр, 2004. – 456 с.
4. Губаева, Т.В. Словесность в юриспруденции: автореф. дис. ...докт. юрид. наук / Т.В. Губаева. – М., 1996.
5. Зеркин Д.П., Игнатов В.Г. Основы теории государственного управления. Курс лекций. М., 2004. – 420 с.
6. Нашиц А. Правотворчество (теория и законодательная техника). – М., 1974. – 436 с.
7. Арзамасов Ю.Г. Нормография. Акад. проект: 2007. – 560с.



Мақалада норма шығармашылықтың мемлекеттік басқару аясындағы құқықтық реттеу құралы ретіндегі алатын рөлін ашу барысындағы теориялық негіздері мен қағидаттары қарастырылады.

Түйін сөздер: норма шығармашылық, мемлекеттік басқару, құқық қолдану, қағидаттар, нормативтік құқықтық актілер.

В статье рассматриваются теоретические основы и принципы нормотворчества, а также описывается роль нормотворчества как средство правового регулирования государственного управления.

Ключевые слова: нормотворчество, государственное управление, правоприменение, принципы, нормативные правовые акты.

The article discusses the theoretical bases and principles of rulemaking and describes the role of the rulemaking as a means of legal regulation of public administration.

Keywords: rulemaking, public administration, law enforcement, principles, regulations.

Толқын Серікқалиқызы Нұрышева,

ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы «Мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет» кафедрасының доценті, з.ғ.к.

Мемлекеттік басқарудағы нормашығармашылықтың теориясы және принциптері

Нұрышева Толқын Серікқалиевна,

доцент кафедрасы «Государственное управление и государственная служба» Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан, к.ю.н.

Теория и принципы нормотворчества в государственном управлении

Nurysheva Tolkyn Serikkaliyevna,

Associate Professor of «Public administration and public service» Department of Academy of Public Administration under the President of Kazakhstan, c.j.s.

Theory and principles of rulemaking in public administration

